

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бейнеблоктар әзірлеудің техникалық сипаттамасы (Вирустық бейнероликтер)

1. Жалпы мәліметтер

1.1. Жұмыстың толық атауы және оның шартты белгісі

Жұмыстың толық атауы: Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуге арналған бейнеблоктар әзірлеу.

Бейнебаян саны: 10.

Әрбір бейнебаянның хронометражы: 1 минут.

Шартты белгісі: вирустық бейнебаян.

1.2. Бейнебаян әзірлеу бойынша жұмысты бастау және аяқтаудың жоспарлы мерзімдері

Жұмыстардың аяқталу мерзімі: 2022 жылдың 31 тамызына дейін қоса алғанда.

2. Бейнебаянның мақсаты мен қызметі

2.1. Бейнебаянның мақсаты

Басты мақсаты қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғап, қазақ тілінің қолданылым аясын кеңейту және латын графикасына негізделген жаңа әліпби емле ережесіндегі өзгерістерді түсіндіру, үйрету, меңгерту және жаңа қазақ әліпбиі туралы ақпарат тарату арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру.

Бейнебаяндар қазақ әліпбиінің емле ережелерінің нақтыланған тұстарын таныстыра отырып оқу, жазу дағдыларын қалыптастырады.

Соңғы уақытта өте танымал болған "вирустық маркетинг" немесе "вирустық жарнама" деп аталатын бейне өнім дайындалады. Мұндай бейнеролик стандартты емес өзгеше сюжетпен ерекшеленеді, нәтижесінде интернетте біршама қаралымға ие болуда.

2.2. Бейнебаянның қызметі:

- қоғам қайраткерлері, саясаткерлер мен ғалымдар және IT мамандарды қатыстыра отырып, қазақ тілі және басқа да өзекті мәселелерді көтеру, әліпбидің Қазақстанның болашағы үшін қаншалықты қажет екендігін түсіндіріп беру;

- мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру;
- қазақ тілінің аудиториясын кеңейту;
- латын графикасы негізіндегі қазақ тіліндегі бейнеконтентті көбейту.

3. Бейнебаянға қойылатын талаптар

3.1. Бейнебаянға әзірлеуге қойылатын жалпы талаптар

– Мақсатты аудитория:

- Балалар және жасөспірімдер;
- әртүрлі жастағы ересектер;

– Дыбыстау стандарттарға сәйкес жоғары деңгейде орындалуы керек.

– Бейнебаян жоғары кәсіби деңгейде ақпараттық және танымдық мазмұнда қазіргі заманғы өндірістік-техникалық кешендерді пайдалана отырып жасалуы тиіс,

– Бейнебаян әртүрлі медиа – кең экранды дисплейлердің, LED дисплейлердің, телеэфирдің, интернеттің пішімінің техникалық талаптарына сай болуы керек;

– Музыкалық сүйемелдеу: жоғары сапалы түпнұсқалық саундтректерді таңдау керек, оның ішінде Тапсырыс берушімен келісілген қазақ халқының ұлттық болмысын көрсететін материалға сәйкес саундтректерді пайдалану қажет.

– Бейнебаян жасаудың шеңберінде сценарий жазу, мәтінді өңдеу, Бейнебаянды түсіру тұжырымдамасын әзірлеу, арнайы техникалық эффект қолдануы тиіс.

– Бейнебаян дайындау үшін сценарий авторлары, операторлар, дыбыс инженерлері, монтаж, дыбыстау және т.б. сала мамандары жұмысқа тартылуы керек.

– Бейнебаянда Тапсырыс беруші мекеменің логотипі немесе толық атауы көрсетілуі керек.

– Бейнебаян қарапайым халықтың қабылдауына оңай болуы керек және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы тиіс.

– Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға ақпарат алу үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет.

– Орындаушы Тапсырыс берушімен бейнематериалдың тұжырымдамасын, сценарийін, музыкалық және дыбыстық сүйемелдеуін келісіп алуы керек.

– Орындаушы Бейнебаянды өндіруге байланысты барлық шығындарды өтейді, соның ішінде: түсіру процесін ұйымдастыруға байланысты шығындарды төлеу, жазу, шығын материалдарының құны, алымдар (салықтар) және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу. Қызметтерді орындау барысында Орындаушы Тапсырыс берушімен Бейнебаянды жасауға байланысты барлық әрекеттерді алдын-ала келісуге міндетті.

3.2. Бейнебаянға қойылатын техникалық талаптар

Бейнебаянның форматы: сандық, avi, mp4.

Кодек: Microsoft MPEG-4, MPEG-4, H.264/MPEG-4 AVC.

Қысқарту форматы (AVI үшін) – қысқартусыз, XVID.

Кадрдің өлшемі: 1280*720 pix-тен кем емес.

Кадр жиілігі: 25 кадр/сек.

Түс үлгісі: RGB.

Түстің тереңдігі: 24 бит.

Аудио форматы: *MP3, 48kHz 16 bit, 1 дыбыс жолына көшірілген, екінші дыбыс жолы қайталанады.

Дыбыс битрейті: 320 кб/с.

Бейнебитрейт: кемінде 10 және 18 Мб-тан кем емес.

Жақтардың ара қатысы: 16:9.

Бейнебаянның дыбыс деңгейі: 30-35дБ.

Бейнебаяндағы графикалық элементтер (бастапқы экран сақтаушысы, тақырыптар) растрдың көрінетін бөлігінде орналасуы керек.

3.3. Тапсырма орындаушының біліктілік талаптары

Сапалы қызметтер көрсетуді растау үшін Орындаушы төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- әртүрлі мекемелерден расталған кем дегенде 5 Бейнебаян түсірген тәжірибесі жөніндегі анықтама (кемінде 2 анықтама);
- қажетті сападағы Бейнебаян жасау үшін қажетті жабдықтардың болуын растау;

4. Бейнебаян әзірлеу бойынша жұмыстың барысы

4.1. Жұмыстың кезеңдері мен сатыларының тізімі

– Орындаушы Келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге сценарий ұсынып, Тапсырыс берушімен Бейнебаян тұжырымдамасын келіседі.

– Тапсырыс беруші сценарийді түзетіп берген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сценарийді түзетеді.

– Тапсырыс беруші ұсынған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, Орындаушы сценарийді аяқтайды және өзгертілген нұсқаны 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынады.

– Сценарийді мақұлдағаннан кейін, Орындаушы Бейнебаянның жұмыс нұсқасын әрі қарай түзету немесе мақұлдау үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Бейнебаянның жұмыс нұсқасын ұсынады.

– Бейнебаянның жұмыс нұсқасы мақұлданғаннан кейін, Орындаушы Тапсырыс берушіге 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бейнебаянның соңғы нұсқасын ұсынады;

– Өндіріс аяқталғаннан кейін, Орындаушы әзірленген Бейнебаянды телеарналарда орналастыру үшін арнайы форматта жеткізеді.

4.2. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі қажетті құжаттар тізімі

– Қызметтерді тиісті түрде ұсыну фактісін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтердің қол қойылған актісі және шот-фактура болып табылады.